

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ
2025 жылдың 03-10 наурыз аралығында өткізілген
«Жас маман - ертеңгі білікті ұстаз» апталығының есебі

2025 жылдың 03 наурыз күні «Жас маман - ертеңгі білікті ұстаз» апталығының ашылуы өтті! Бұл - жас ұстаздар үшін тәжірибе алмасудың, кәсіби дамудың және жаңа мүмкіндіктерге жол ашудың таптырмас алаңы.

* Апталық, барысында ашық сабақтар, шеберлік сыныптары мен тәжірибелі мұғалімдерден кеңестер ұйымдастырылды.

* Жас мамандар өз біліктілігін арттырып, шығармашылық идеяларымен бөліседі.

* Ұстаздық жолын жаңадан бастаған әріптестерімізге сәттілік тілейміз!

Білікті ұстаз - жарқын болашақ, кепілі!

<https://www.instagram.com/reel/DG0ZwwOI7Jy/?igsh=MndrZ2FsYjBrcWhn>

□ 2025 жылдың наурыз айының 05 күні “Жас мама - ертеңгі білікті ұстаз” апталығы аясында жас маман қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нурдиллаева М.Г. қазақ әдебиеті пәнінен 8 “ә” сыныбында М.Мақтатаев “Аққулар ұйықтағанда» поэмасы. Қасиет пен қасіреттің бейнесіне айналған поэма тақырыбында ашық сабақ өтті. □ □

Сабақта жағымды көңіл-күймен бастау мақсатында “Алақан” әдісін қолданып, оқушыларға еркіндік берілді.

□ Берілген тапсырмаларды орындау үшін оқушылар “Оюлар” әдісімен топтарға бөлініп отырғызылды.

□ Үй тапсырмасын сұрау үшін “Ыстық орындық” әдісі қолданылды.

□ Сабақтың мақсатына жету үшін, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалім түрлі әдістерді қолданды. Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру, жаңашылдығына баға беру үшін топтық, жұптық жұмыстар ұйымдастырылды.

Сабақты бекітіп, қорытындылау үшін “Автор орындығы” әдісі қолданылды.

<https://www.instagram.com/reel/DG12IjuIPeY/?igsh=dmFodXJuMGljcmR6>

Апталықтың әр күні үлкен үзілісте оқушылардың үзілісін тиімді және көңілді өткізу үшін оқушылармен көңілді, логикалық, зияткерлік ойындар өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың сыйластығын, қарым-қатынас, ұйымшылдығын арттыру. Балалардың сабаққа деген көңіл-күйін жақсарту.

Өткізген: тарих пәні Мөлдіргүл Ерланқызы

<https://www.instagram.com/p/DG4-jsgo97K/?igsh=MTNkM3FmanltejF0aQ==>

07.03 күні жас мамандар апталығы аясында, ағылшын тілі мұғалімі Оспанова Г.К 6 сыныппен «Present Perfect: Questions» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта «Гарри Поттер» мен «Менің атым Қожа» шығармалары арқылы жаңа грамматикалық құрылым қызықты әрі түсінікті етіп таныстырылды.

★ Мұғалім «Harry Potter» авторлық комиксін пайдаланып, диалог құруды ұйымдастырды. Бұл әдіс оқушылардың интерактивті әрі шығармашылық белсенділігін арттырып, әр диалогта Present Perfect құрылымын практика жүзінде қолдануға мүмкіндік берді ✓

https://www.instagram.com/reel/DG_FTaUoa-i/?igsh=MTlna2FoZm8xcXFk

07.03.күні жас маман қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қадырберді Мөлдір 5 “А” сыныбында “Әке – балаға сыншы” атты ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында әкенің балаға деген қамқорлығы мен тәрбиесі талқыланып, топтау сан есімдері бойынша қызықты тапсырмалар орындалды.

🏆 Сабақ құрылымы нақты, мазмұны терең, ал атмосферасы ерекше болды!

◆ Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.

◆ Сабақтың соңында “асықтың түстерімен” кері байланыс жасап, өз әсерлерімен бөлісті.

□ Осындай тағылымды сабақтар балалардың ой-өрісін кеңейтіп, тәрбиелік мәні зор тақырыптарды талдауға мүмкіндік береді.

<https://www.instagram.com/reel/DG7f0VJIX1/?igsh=MWtjY3p5cHV3MGJjbQ==>

Көңілді үзілісте ағылшын тілі мұғалімі Айтжанова А.С. 5-6 сынып оқушыларымен "Қызықты ағылшын тілі" атты ойын ұйымдастырылды. Ойынға оқушылар белсене қатысып, өз сыйлықтарына ие болды.

https://www.instagram.com/p/DG11_5rIbOM/?img_index=1&igsh=MW9weHN5dXJvZzNjYg==

7 наурыз күні жас мамандар апталығы аясында 4"А"сынып оқушыларымен бастауыш сынып мұғалімі, жас маман Олжабек П қазақ тілі пәнінен "Етістіктің жіктелуі" тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтап, негізгі ойды тұжырымдайды. Жіктік жалғауларын ажыратады. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, әр түрлі қызықты тапсырмалар орындады.

<https://www.instagram.com/p/DG8zgpGo6oJ/?igsh=c2dpM2p5cj5cXZq>

"Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті" демекші, жас мамандар апталығы аясында жас мамандарымыз педагогтарға жағымды көңіл-күй сыйлай отырып, кәсіби жолдарына мотивация беру мақсатында көңілді үзіліс ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/astrakhan1_school/

7 наурыз күні "Жас мамандар" апталығының аясында сыныптан тыс іс-шараны мереке қарсаңында концерттік бағдарлама ұйымдастырды. □

□ Жас маман жетекшісі Далелхан Ербол апталық аясында жас ұстаздар ұйымдастырған іс-шаралар мен ашық сабақтар туралы айтып, олардың жетістіктеріне тоқталды.

□ Концерттік бағдарламада мұғалімдер оқушыларымен бірге өнер көрсетіп, көрермендерді тамсандырды.

□ Сонымен қатар, білікті де тәжірибелі ұстаздарға арнап қызықты ойындар ұйымдастырылып, көтеріңкі көңіл-күй сыйланды.

□ Ал апталықтың символына айналған “Жас мамандар” әні ұстаздық жолға деген махаббат пен жігерді көрсетті.

Осындай іс-шаралар жас мұғалімдердің тәжірибе алмасуына, бірлігін арттыруға және кәсіби өсуіне үлкен мүмкіндік береді.

Барша жас мамандарға шығармашылық шабыт, үздіксіз даму және биік белестерді бағындыруды тілейміз!

Орындаған

ДОІЖО: Кошекбаева Г.А.